

Оқытудың белсенді әдістері



**М.Хәкімжанова атындағы
№20 орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі
Жаркимбаева Жеңіскүл
Куанышбайқызы**

Әрбір мұғалімнің басты мақсаты- оқушыларға белгілі бір білімдер жиынтығын беру ғана емес, сонымен бірге оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттырып, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс шешімдерді қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін мұғалім сабақта оқытудың белсенді әдістерін қолданғаны жөн.



Оқытудың белсенді әдістері - оқу материалын игеру үдерісінде оқушыларды белсенді ойлау және практикалық әрекетке итермелейтін әдістер болып саналады.



- **Жеке, топтық жұмыс**
- **Рольдік ойындар**
- **Пікірталас, болжау**
- **Жағдаяттарды шешу**
- **Ой шабуылы**
- **Тренинг**

Топтық жұмыс

Топпен жұмыста оқушылар ұйымшылдықпен ынтымақтастықта бірлесіп жұмыс жасайды. Бір -бірін тыңдауды сыйлауды, қолдауды үйренеді. Топ мүшелері бірін - бірі оқытуға, сол арқылы ойлауға үйренеді.



Мысалы: әдебиеттік оқу пәні «Ж.Смақов. Апаның тілін алса егер...»

1 топ. Күн тәртібінің кестесін құрады.

2 топ. Апаның тілін алатын балаға 3 сұрақ әзірлеп, диалог көрсетеді.

3 топ. Апаның тілін алмайтын баланы сипаттап, “Диалог- ертегі құрастырады.

4 топ. “Үйдегі бір күнім” суретін салады.

Оқушылардың құрастырған “диалог-ертегісі”

1 оқушы: Ертеде байдың жалғыз ұлы болыпты.

2 оқушы: Оны бай қатты еркелетіпті.

3 оқушы: Сұраған нәрсесін беріпті.

Келесі оқушы: Баласы жатып тамақ ішіпті.

Балалармен ойнаса, бәрін өзіне алыпты.

Әкесінің тілін алмапты.

Сөйтіп, ол өскенде қолынан іс келмепті.



Ой шабуылы

Сонымен бірге сабақта баланың ойына түрткі болып, шығармашылыққа жетелейтін, өздігінен ізденіске салатын, айналадағы дүниемен қарым-қатынасқа түсіретін, «жаңалық ашып», оның нәтижесінің қызығына бөлейтін тапсырмаларды орындатқан жөн.

Мысалы: образға кіру, талдау және қиялдау, өлең шығару, диалог-ертегі, жұмбақ, мақал-мәтелдер құрастыру жатады.

“Қасық болған күнім.”



Айдархан
Кәусәр

Бір күні мен ас ішіп отырып кәдімгі қасыққа айналып кеттім. Менің ағам менімен нанға май жақты. Тамақ ішті. Ас ішіп болған соң, анам мені қалған қасықтармен бірге ыстық суға жуды. Содан соң таза сүлгімен сүртіп, сауытқа салып қойды. Түні бойы сауытта тұрдым. Қасық болған оңай емес екен.



Мизам
Дидар

“Соңғы алма”

Күз мезгілі. Айдар бақты аралап жүрді. Ол алма ағашында қалып қойған бір жалғыз алманы көрді. Ол алманы алып, үйіне апарып жеді. Алма сондай тәтті екен.

**Терең ойланып,
нақты сұрақ
құрастырады**




**Дұрыс шешім
қабылдай алады**



**Жағдаяттарды
шешіп, болжай
алады**

**Өз ойы мен
пікірін дәлелдейді**




Пікірталасқа қатысады



Оқушының оқудағы нәтижесі:

- оқушылардың өз қабілетін сезінуге мүмкіндік туады;
- өзіндік сенімі қалыптасады;
- оқуға деген уәжі артады;
- алдын ала болжауға, пікірін дәлелдеуге үйренеді;
- шығармашылыққа ынталанады;
- Бір-бірін оқытады, үйретеді;
- оқушылардың өзіндік бағалауы жүзеге асады.



Бастауыш сынып оқушыларын көбірек ойынға, бірлескен жұмысқа бағыттағанда ғана баланың креативті ойлау дағдысы дамып, шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдыланады. Осы орайда, «Оқытудың белсенді әдісі» жүйелі, әрі тиімді деп ойлаймын. Ойымды қорытындылай келе, әріптестеріме айтарым: оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, "Жұлдызы жанған ғасырымыздың жұлдызға айналар жастарын тәрбиелеуден жалықпай, қажырлы еңбек етейік!"

*Көңіл қойып
тыңдағандарыңызға рахмет!*

